

Ашық диалог алаңы

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңір тұрғындарының түрлі мәселелерін тыңдауға арналған кезекті жеке қабылдауын өткізді. Қабылдау барысында азаматтардан түскен өтініштер әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың кең спектрін қамтыды.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, тұрғын үймен қамту, медициналық қызмет сапасы, ветеринария саласындағы келеңсіздіктер, елдімекендерді абаттандыру және көлік қатынасы секілді мәселелер көтерілді. Жеке қабылдауға Абай ауданына қарасты Құрма кентінің белсенді тұрғыны да келіп, өз ауылындағы бірнеше түйткіл

ді ортаға салды. Оның ішінде Сұрыптау бағытындағы емхананың қызмет көрсету сапасына қатысты шағымы ерекше назар аудартты. Өңір басшысы бұл мәселені дереу бақылауға алып, денсаулық сақтау мекемелерінің жұмысын тексеруді жауапты органдарға тапсырды. – Бұл мәселені міндетті түрде шешеміз. Ертең денсаулық сақтау басқармасының басшысы барып, жағдайды сол



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жерде анықтайды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Азамат өз сөзінде жергілікті өзіне-өзі басқару, абаттандыру жұмыстары және көлік қатынасының қолжетімділігі бойынша да бірқатар ұсыныс-ескертпелерін айтты. Әкімдік өкілдері бұл бағыттарда тиісті талдау жүргізіп, мәселелерді шешу жолдарын қарастыратынын жеткізді.

Қабылдау барысында көтерілген кейбір өтініштер жедел түрде сол сәтте шешімін тапты. Ал, қосымша уақыт пен жан-жақты зерттеуді қажет ететін мәселелер жауапты қызметтердің бақылауына алынды. Олар бойынша ведомстволар арасында бірлескен жұмыс жүргізілетін болады.

Айта кетейік, облыс әкімі тұрғындарды жеке қабылдауды ай сайын жүйелі түрде өткізіп келеді. Мұндай форматтағы кездесулер жергілікті атқарушы органдар мен халық арасындағы ашық диалогты нығайтып, азаматтардың өзекті жайттарының уақытылы шешілуіне мүмкіндік береді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• РЕСМИ

Әлеуметтік кәсіпкерлікке мүмкіндік

Кеншілер өлкесінде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа мүмкіндіктері есік қақты. Қоғамға пайдасын тигізіп, әлеуметтік саланың жүгін жеңілдетуге атсалысып жүрген кәсіпкерлер үшін бұл – жаңа серпін, жаңа тыныс. 1-15 желтоқсан аралығында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қабылданатын өтінімдер әлеуметтік жауапкершілікті бизнеске жүйелі қолдау көрсетудің бастауы болмақ.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасында жүргізіледі. Өтінімдер бекітілген үлгі бойынша толтырылып, кәсіпкердің бағыты мен санатына қарай қажетті құжаттар қоса тапсырылуы қажет. Барлық құжаттар топтамасы жергілікті атқарушы орган жанынан құрылған

арнайы комиссияның қарауына жіберіледі. Комиссия шешімі кәсіпкердің әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға қабілеттілігін, қоғам игілігіне қосар үлесін ескере отырып қабылданбақ. Әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін әлеуметтік осал топтарға жұмыс орнын ұсынып жүргендер, бірінші санаттағы әлеуметтік осал топтарға өнім өндіру немесе қызмет көрсетуге жәрдемдесетін кәсіпкерлер, мүгедектігі бар жандарға арналған тауарлар дайындап, әлеуметтік-тұрмыстық,

әлеуметтік-медициналық және қоғамдық маңызы зор қызмет түрлерін көрсететін субъектілер, отбасын, ананы, баланы қолдау, білім беру бағыттарын дамыту, ерекше қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, әлеуметтік қызметкерлер мен волонтерлерді оқыту, экологияны қорғау секілді сан түрлі салаларда еңбек ететін кәсіпкерлер иелене алады. Қоғам үшін адал қызмет ету – кез келген кәсіптің ең биік құндылығы. Әлеуметтік кәсіпкерлерді арнайы тізілімге енгізу бастамасы өңірде игі істің өрісін кеңейтіп, мұқтаж жандарға қолдау көрсету жүйесін нығайтады. Бизнесін қоғаммен бірге өсіргісі келетіндер үшін желтоқсан айы маңызды мүмкіндік кезеңіне айналмақ.

Жасанды зерде адам өмірін ұзартпа ма?

(Соңы. Басы 1-бетте).


Деректерді жинау және талдау жүйесі жаңартылып, электронды қызмет көрсету платформалары жетілдірілуде. Медициналық ұйымдарда кезек жүктемесін төмендетіп, пациент ағынын реттейтін, дәрігердің жұмысын автоматтандыратын қосымша құралдар іске қосылған. Мұның бәрі өңірдегі медициналық инфрақұрылымның жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетеді.

Облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, бұл технологиялар тек медициналық құрылымдарда ғана емес, басқа да әлеуметтік бағыттарда да енгізіліп жатыр. Бағаларды мониторингтеу, қоғамдық көлік бағыттарын онтайландыру, әкімшілік қызметтердің жылдамдығын арттыру – осының барлығы жасанды интеллекттің жергілікті деңгейдегі қолданылу ауқымын кеңейтіп отыр. Өңірдегі цифрлық өзгерістердің қарқыны көрсеткендей, жасанды интеллект бүгінгі таңда тек қосымша құрал емес, қызметтің тиімділігін арттыратын және тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды ресурсқа айналды.

Жасанды интеллекттің дамуы медицинаның жаңа дәуірін қалыптастырып келеді. Бұрын аурудың белгілері пайда болған соң ғана дәрігерге қаралу қалыпты жағдай саналса, бүгінде технология денсаулықтағы өзгерістерді әлдеқайда ертерек анықтап, қауіптің алдын алуға мүмкіндік береді.

Ғалымдар соңғы жылдары «картаю биологиясы» деген жаңа бағытты қарқынды зерттей бастады. Бұл салада жасанды интеллект үлкен көлемдегі биологиялық деректерді талдап, адамның «биологиялық жасын» есептеу, жасушалардың картаю жылдамдығын бағалау, ағзада байқалмай өтетін өзгерістерді табу сияқты күрделі міндеттерді орындай алады. Мұндай талдаулар клиникалық тәжірибеде қолданылатын болса, дәрігерлер ауруды бастапқы деңгейде ұстап, емді ертерек бастай алады. Ерте басталған ем көбіне ұзақ әрі сапалы өмірге жол ашады.

Жасанды интеллекттің тағы бір ар-



Сурет ЖИ

тықшылығы – болжау мүмкіндігі. Жиналған медициналық деректерді талдай отырып, жүйе белгілі бір пациенттің алдағы жылдары қандай ауруға шалдығу ықтималдығы жоғары екенін бағалай алады. Бұл дәрігерге жеке алдын алу жоспарын құруға, ал, пациентке зиянды әдеттерден дер кезінде арылуға, өмір салтын түзетуге жағдай жасайды.

Әйткенмен, «жасанды зерде адам өмірін ұзартпа ма?» деп оны сиқырлы құралға теңеудің қажеті жоқ. Технология дәрігердің орнын баса алмайды. Керісінше, оның шешім қабылдауына көмектесіп, қателік ықтималдығын азайтатын көмекші құрал екенін әсте естен шығармау керек. Ауруды анықтау, емдеу тәсілін таңдау, наукас жайлы түпкілікті шешімді қабылдау – бәрі білікті маманның еншісіндегі шешім. ЖИ тек сол шешімнің дәл әрі дер кезінде болуына ықпал етеді.

– Соңғы жылдары рентген және томографиялық зерттеулерде қолданылатын интеллектуалды жүйелер дәрігерлік шешім қабылдау үдерісін жеңілдетті. Бұрын күрделі белгілерді мұқият қарап шығуға көп уақыт кететін. Ал, қазіргі алгоритмдер күмән тудыратын аймақтарды автоматты түрде белгілейді. Бұл диагностиканың сапасын арттырып қана қоймай, қауіпті өзгерісті ерте кезеңде анықтауға үлкен мүмкіндік береді, – дейді Қарағанды қалалық №1 көпбейінді ауруханасының невролог дәрігері Сұлтан Абылбеков.

Қазіргі уақытта жасанды интеллектіге сүйеніп жасалған технологиялардың нақты қаншалықты өмір ұзартатыны жөнінде толық статистика жоқ. Себебі, бұл – ұзақ мерзімді нәтижені талап ететін бағыт. Алайда, дәл диагностика, ерте анықтау, жеке профилактика, тиімді емдеу – осының барлығы адам өмірінің ұзақтығын арттыратын негізгі механизмдер екені медицинада әлдеқашан дәлелденіп қойды.

Сұлтан Максатулының айтуынша, жасанды интеллект негізіндегі талдау жүйелері, әсіресе, онкологиялық және жүрек-қан тамыр ауруларында тиімділігін көрсетуде. Себебі, бұл дерттердің алғашқы белгілері көзге байқалмай, ұзақ уақыт жасырын өтеді. Ал, ЖИ дәл осы кезеңде микробелгілерді анықтап, дәрігердің назарына ертерек ұсына алады. «Кез келген дертті ерте анықтаудың нәтижесінде ем нәтижелі болады, асқынулар азаяды, бұл адамның өмір сүру ұзақтығына әсер етеді. Сондықтан, ЖИ бүгінгі медицинаның ажырамас бөлігіне айналып келеді», – дейді ол.

Дәрігерлер сондай-ақ, интеллектуалды технологиялардың жұмыс жүктемесін азайтып, адам ресурсын тиімді пайдалануға көмектесетінін айтады. Жүйе алдын ала талдауды орындағандықтан, маманның күрделі клиникалық жағдайларға назар аударуға мүмкіндігі бар.

Суретті түсірген Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Сағынов салған сара жол

Қазақ топырағында туып, ғылым-білімнің биігіне ұмтылған ұлылар аз емес. Сол асылдардың ішінде дара бітімімен, отандық ғылымның дамуына қосқан өлшеусіз еңбегімен ерекшеленетін тұлға – белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, академик Әбілқас Сағынов. Талай жастық танымын кеңейтіп, ғылым шырағын жаққан, инженерлік саланың өрісін ашқан парасат иесінің биыл 110 жылдық мерейтойы ел көлемінде лайықты түрде аталып өтуде. Күні кеше Достық үйінде өткен «Академик Ә.Сағыновтың ғылыми-академиялық мұрасы: сын-қатерлер мен болашағы» атты конференция – соның айғағы. Аукымды басқосуда пленарлық және секциялық отырыстар ұйымдастырылып, ғалымның мұрасы сан қырынан талданды.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шара барысында академиктің техникалық білім мен ғылымды дамытудағы сара жолы, жер қойнауын тиімді пайдаланудың болашақ бағыттары, тау-кен өнеркәсібіне енгізіліп жатқан заманауи технологиялар, энергетика, автоматтандыру және өнеркәсіпті цифрландыру мәселелері жан-жақты таразыланды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, өзекті ғылыми мәселелер жөнінде ой бөлісті. Сонымен қоса, жоғары техникалық білімді дамыту, қазіргі заманғы технологиялар мен тау-кен ісі саласындағы инновациялар және пайдалы қазбаларды пайдалану мәселелері жөнінде кеңесті.

Пленарлық отырысқа тау-кен өндірісінің және ғылыми қауымдастық өкілдері, ғылым ардагерлері, университет тұлғалары, еліміздің жетекші университеттері мен зерттеу орталықтарынан құрметті қонақтар қатысты. Жиналғандар академик Ә.Сағыновтың инженерлік білім беруді дамытуға, ұлттық кадрларды даярлауға және тау-кен өнеркәсібінде инновацияларды енгізуге қосқан үлесін ортаға салды.

Конференцияның ашылу салтанатында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын, университеттің басқарма мүшесі, әлеуметтік-тәрбие беру жұмысы жөніндегі проректор Абай Қалыков оқып берді. Сонымен қоса, Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы бейнеүндеу арқылы қатысушыларға құттықтау сөзін жолдады.

Аталған іс-шараға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қатысып, аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауын жеткізді.

Жиында Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева академиктің университетті дамытуға, ғылым және өндіріс арасындағы байланысын орнықтыруға ерекше көңіл бөлгенін атап өтті.

– Әбілқас Сағынов тау-кен ісі, Жер ғылымдары және инженерлік білім беру саласында бүгінгі ғалымдар мен оқытушылардың жетістіктерінің іргетасын қалады. Күні бүгінге дейін Қарағанды политехникалық университеті ел индустриясы үшін басты инженерлік кадрлар даярлайтын мектеп болып қала бермек. Сондай-ақ, ғылым мен білімді дамыта отырып, ел экономикасына және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қызметін жалғастырып келеді, – деді ректор.

Конференцияда ғалымның 110 жылдық мерейтойына орай энциклопедиялық жинақтың тұсауы кесілді. Онда академиктің Қазақстанның инженерлік мектебінің қалыптасуына және салалық ғылымның дамуына қосқан үлесі жан-жақты баяндалған.

Әбілқас Сағынов – саналы ғұмырында әрбір жасқа қамқорлық танытқан, зор ықпал еткен тұлға. Солардың қатарында техника ғылымдарының докторы, профессор Аристотель Исағұлов та бар. Оның Қарағанды политехникалық институтына оқуға түскен күнінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі өмір жолы академиктің есімімен тікелей байланысты. Конференцияда сөз сөйлеген Аристотель Зейнуллаұлы ұстазының ерекше қамқорлығын, ғылымға

жетелегенін айтты. – Ректор қызметіне кіріскен алғашқы күннен-ақ Әбілқас Сағынұлы кадр даярлауға ерекше мән берді. Ең алғаш менің ғылымға деген қабілетімді байқап, 1977 жылы Мәскеудегі И.Лихачев атындағы автомобиль зауытындағы мақсатты күндізгі аспирантураға жіберді. Политех түлектері аспирантураны аяқтағаннан кейін өздерінің альма-матеріне қайта оралуын үнемі қолдады. Жас мамандарға қамқорлық жасап, оларды ғылым жолына бағыттау – оның табиғи дарыны еді. Өзінің жоғары беделіне қарамастан, әр қызметкерге ерекше қамқорлықпен қарайтын, – деді профессор.

Академиктің немересі Асқар Сағынов жиынға қатысып, атасының үлгі-өнегесін, адамгершілік қасиеттерін айтып, жылы естеліктерін көпшілікпен бөлісті.

– Атамның әрбір ісі – бізге әлі күнге дейін үлгі. Ол бізге нағыз адамгершіліктің қандай болатынын көрсетті. Елде Ә.Сағыновтың аты дәріптеліп, мерейтойы ерекше тойланып жатыр. Бұл іске мұрындық болған Қарағанды техникалық университетінің ұжымына алғысымды білдіремін. Ортақ университетіміздің гүлдене беруіне тілектеспін, – деді Асқар Сағынов.

Академик Әбілқас Сағынов Қарағанды тау-кен, кейінірек политехникалық институтын (қазіргі Қарағанды техникалық университеті) 30 жылдан астам уақыт басқарды. Сол жылдары елдің жетекші жоғары оқу орнына айналды. Осылайша Қазақстанның әр өңірінде техникалық білім берудің дамуына елеулі үлес қосты.

Қарағанды техникалық университетінің 72 жылдық тарихында 100 мыңнан аса түлек түлеп ұшқан. Бүгінде олар әр салада беделді қызмет етіп, Ә.Сағынов дәстүрін жалғастырып жүрген білікті мамандар. Конференция барысында сол мамандар, өнеркәсіп өкілдері, ғылыми қауымдастық қызметкерлері, университет серіктестері мен инженерлік білімнің дамуына, ғылыми зерттеулерге және университет пен өндіріс арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға университеттің дамуына үлес қосқан жандар «Әбілқас Сағынов – 110 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Арнайы медальмен марапатталған Орталық Қазақстан академиясының «Жеке құқық» департаментінің профессоры Есентай Шайменов ұлы тұлғаның көзін көріп, тәлімін алғанын ерекше мақтанышпен әңгімеледі.

– Университетті 1976 жылы бітірдім. Ол кезде Әбілқас Сағынов ректорымыз болатын. Облыстық жол полициясына жұмысқа тұрғанымда өзі арнайы іздеп келіп, университет түлектерінің жоғары жетістігіне мақтанатынын айтып еді. Өмірде қарапайымдылығынан бір таңған жоқ. Ғалым-ұстаздың әр ісі бүгінгі жас буына үлгі-өнеге, – деді ол.

Сонымен қоса, инженерлік кадрлар даярлауға зор үлес қосқан, көпжылдық адал еңбегі мен жоғары кәсіби шеберлігін көрсеткен университет ғалымдарына «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Құрметті қызметкері» медалі берілді. Сондай-ақ, академиктің ғылыми дәстүрін жалғастырып келе жатқан жетекші мамандар мен ғалымдарға Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, Геология комитетінің, Ұлттық тау-кен ғылым академикасының және «Dragnet» Қауымдастығының марапаты табыс етілді.

Сурет Қарағанды техникалық университетінен

Тәртіпке бағынған құл болмайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біздің негізгі мақсат – заң үстемдігін қамтамасыз етіп, әділетті қоғам құруға үлесімізді қосу. Біз қоғаммен, халықпен тығыз байланыстамыз. Әрі осы ынтымақтастық біз үшін өте маңызды, – деді Жасқайрат Иманбекұлы.

Нұрлан Рахметұллаұлы полиция қызметкерлерінің еңбегіне тоқталып, қоғам алдындағы рөлін ерекше атап өтті.

– Мемлекет басшысы заң мен тәртіп идеологиясын бекітті. Ондағы басты мақсат – халыққа полицияның бір күнін жариялап көрсету. Полиция қызметкерлерінің жұмысы көпшілікке басқаша көрініп қалып жатады. Әлеуметтік желіде түрлі бейнероликтердің тарап жатқанын да білеміз. Сала мамандарының еңбегін, жұмысын кеңінен таныстыру мақсатында осындай іс-шара қажет-ақ, – деді ол.

Жоба барысында қатысушылар кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі полициядан бастап, көші-кон қызметі, жедел басқару орталығы мен жедел әрекет ету арнайы жасағына дейінгі 11 түрлі қызметтің жұмысымен танысты.

Жиналғандар сапарларын департаменттегі «Еңбек және жауынгерлік даңқ» мұражайынан бастады. Мұнда музей басшысы Айжамал Айтжанова қонақтарды мұражайдың байырғы жәдігерлері мен алтын қорымен таныстырды. Одан кейін тергеу-криминалистикалық полигонына бас сұқты. Бұл полигонда әртүрлі қылмыс сценарийіне бейімделіп жасалған бес арнайы үй жағдайындағы кабинет бар. Тергеу-анықтау басқармасы, жедел уәкілдер мен жергілікті атқарушы органдардың мамандары осында келіп, практикалық дағдыларын жетілдіреді екен.

Мұндағы алғашқы кабинет – полиция генерал-майоры, ардагер Нұрлан Рахимберлиннің атына берілген. Бұл бөлмеде ардагердің



қызмет барысында қолданған жеке заттар мен киімдері қойылған. Келушілер, ең алдымен, осы кабинетке кіріп, ардагердің өмір жолы және кәсіби қызметінен мағлұмат алатын көрінеді. Келесі оқу полигоны криминалистерге арналған. Мұнда болашақ мамандарға әртүрлі жағдайлар мен жасырын тапсырмалар ұсынылады. Сол арқылы олар кәсіби дағдыларын жетілдіріп, шынайы оқиғаға барынша жақындатылған практикалық жаттығулардан өтеді екен.

Кезекті криминалистикалық полигонда криминалистің жеке чемоданы қойылған. Бұл – чемодан әр маманның әрдайым жанында болуы керек басты құралының бірі. Осы жөнінде жедел криминалистикалық басқармасының қызметкері, полиция аға лейтенанты Аида Жүсіпова толығырақ таныстырып өтті.

– Жедел тергеу тобына криминалист, тергеуші, анықтаушы және жедел уәкіл кіреді. Криминалистің негізгі міндеті – іздер мен дәлелдемелерді анықтау және қол іздерін жинау. Мысалы, сотқа



дейінгі тергеп-тексеру кезінде криминалист тергеушіге кәсіби көмек көрсетеді. Ал, сол жұмыстар Қылмыстық процессуалдық кодекстің 80-бабы негізінде жур-

гізіледі. Өңірде Papillon және БИЛ жүйелері қолданылады. Олардың көмегімен қызметтік процестерде қолданылатын 75-бұйрық жүзеге асырылады. Осындай процестерді жедел жүргізу үшін әр криминалистке міндетті түрде осындай чемодан қажет, – деді Аида Жүсіпова.

Кейін жиналғандар арнайы бөлімшелердің қару-жарағы мен кинологиялық қызметтің жұмысына куә болды. Қонақтардың назары бірден брондалған Алап заманауи жауынгерлік көлігіне ауды. Бұл – полиция мен арнайы қызметтердің талаптарына сай әзірленген окка және жарылғыш заттарға төзімді көлік. Көпшілікке оның брондалу деңгейі, мүмкіндіктері мен басқару жүйелері жайында толық түсіндірілді. Содан кейін, әртүрлі жауынгерлік қарулар назарға ұсынылып, көзбен көріп, қолмен ұстауға да мүмкіндік берілді. Қарулардың артықшылығы мен қолдану туралы жан-жақты мәлімет айтыл-

ды. Сонымен қатар, арнайы жасқардың киімдері де көрсетіліп, олардың қызметтік ерекшеліктері таныстырылды. Таныстыру жұмыстарынан соң сала мамандары ұрыс тактикаларының элементтерін, із кесуші иттердің жұмысын ұсынды.

Бүгінде департаментте есірткі мен жарылғыш заттарды анықтауға, із кесу мен қылмыскерлерді ұстауға бағытталған 30-ға жуық ит бар екен. Солардың бірі – лабратор-ретривер тұқымды «Бакс» иті. Бұл ит полиция лейтенанты Алмас Жанысбаева тиесілі екен.

– Өзім 2019 жылдан бері кинология орталығында қызмет атқарамын. «Жалпы, бұл тұқымдағы иттер тек бір қожайынды ғана мойындайды. Күшік кезінде кімге үйренсе, өмір бойы сол адамның бұйрығымен жүреді. Баксты

тан тыс кеңесшісі Айжан Қиясова тергеу басқармасында болды. Онда оларға ауыр және аса ауыр қылмыстарды тергеу тәртібі түсіндіріліп, тергеушілердің күнделікті жұмысы көрсетілді.

– Цифрландыру жүйесі бүгінде полицейлердің жұмысын түбегейлі жаңа деңгейге көтерді. Электронды форматтар, бірінғай деректер базасы және процестердің автоматтандырылуы істерді жүргізуді бұрынғыдан да мобильді, жүйелі әрі нақты етіп отыр. Ақпаратқа лезде қол жеткізуде адам факторын барынша азайтып, артық формализмді қысқартқан. Әрі мамандарға материалдардың мәніне тереңірек ден қоюға мүмкіндік мол. Сонымен бірге, ішкі тәртібі, кабинеттері мен жұмыс форматы келушілерге ерекше әсер қалдырды. Тергеушілердің жұмысы – құқықтық тәртіп жүйесінің өзегі, – деді Айжан Қиясова.

Облыстық мәслихат депутаты Меруерт Башай сала мамандарымен бірге Михайловкадағы полиция бөлімшесінің жұмысымен танысып қайтты. Онда ол уәскелік полиция қызметкерлерімен бірлесіп, профилактикалық шараларға қатысты. Тұрғындармен кездесіп, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарын жүргізді.

– Мамандардың біліктілігі мен жауапкершілігі бірден байқалды. Қойылған кез келген сұраққа нақты жауап беруге дайын. Профилактикалық жұмысты өте жоғары деңгейде жүргізді. Жұмыс барысында түрлі себеппен тіркеуде тұрған азаматтардың үйлеріне барып қайттық. Содан кейін «Таза Қазақстан» акциясы барысында да бірқатар азаматқа хаттама толтырылды. Бұл жақта қараусыз қалған бос жерлер өте көп екен. Негізі, ол жерлердің иелері бар, бірақ, шетелге көшіп кеткен. Егер бос жерлерді басқа біреудің атына рәсімдесек, бұрынғы несі сот арқылы қайта тартып алатыны түсінікті. Сондықтан, бұл мәселені жер қатынастары басқармасы және әкімдікпен бірлесіп шешетін уақыт жеткен сияқты. Заңнамаға өзгерістер енгізіп, бос жатқан жерлерді ретке келтіру қажет деп ойлаймын.

Жалпы, уәскелік полиция қызметкерлерінің жұмысы осыншама ауыр екеніне көзім жетті. Шыны керек, бұл қызметкерлердің де отбасы, бала-шағасы бар. Сондықтан, олардың алаңсыз жұмыс істеуі үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау күшейтіліп, тиісті жағдай жасалуы қажет. Іс-шарадан түйген негізгі ойым – осы. Алдағы уақытта депутат ретінде өз ұсынысымды жолдаймын, – деді депутат.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Ақадырда «Ақбесік» ашылды

Шет ауданының Ақадыр кентінде жаңа «Ақбесік» балабақшасы есігін айқара ашып, алғашқы тәрбиеленушілерін қабылдай бастады. Заманауи талаптарға сай жабдықталған бұл мекемеде балалардың жан-жақты дамуына, сапалы білім мен тәрбие алуына барлық қолайлы жағдай жасалған.



Сурет облыс әкімінің сайынан

97 балаға арналған балабақша төрт топтан тұрады. Мұндағы білім беру үдерісі қазіргі заман талабына сай негізделе отырып, ұлттық құндылықтармен сабақтастырылған.

«Ақбесік» балабақшасын жеке кәсіпкер Меруерт Рымбекова ашты. Мекеме мемлекеттік білім беру тапсырысымен жұмыс істейді. Ата-аналар тек тамақтану шығындарын және таңдауы бойынша хореография, дзюдо, ағылшын тілі секілді ко-

сымша үйірмелер мен логопед сабақтарына төлем жасайды. Балабақшада алты тәрбиеші, төрт тәрбиеші көмекшісі, психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі және басқа да мамандар қызмет етеді. Жаңа нысанның ашылуы Ақадыр кентіндегі мектепке дейінгі тәрбие жүйесін дамытуға қосылған елеулі үлес екені даусыз.

Өз тілшімізден
Шет ауданы

Жастар есірткіге қарсы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң мен тәртіп» концепциясында «Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мен қауіпсіз орта құру – ел іргесін бекемдейтін негізгі бағыттардың бірі» деп айқындаған болатын. Осы мақсатқа сай Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы «Салауатты өмір салтын таңда» жобасы аясында Сұрыптау кентінде синтетикалық есірткі жарнамааларын жою бойынша кезекті рейд ұйымдастырды. Рейдке қала жастары, колледж студенттері, қоғам белсенділері және полиция басқармасының теміржол полиция бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Маржан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамның оң бағытта дамуы, ең алдымен, жас буынның саналы көзқарасы мен заңға құрметінен басталатынын ескерсек, зиянды әрекеттердің алдын алу бүгінгі күні аса өзекті мәселе болып отырғаны анық.

Рейд барысында көпқабатты үйлердің қасбетіне, кіреберіс қабырғаларына, гараждар мен ғимараттардың тасасында бейнеленген



QR-код, крипто-мекенжай түріндегі есірткі жарнамалары анықталып, толықтай өшірілді.

– Есірткі – бәз біреудің тағдырын талқандап, отбасының ойрандауына әкеліп соқтырар қауіп. Сондықтан, біз мұның алдын алып, тосқауыл қоюды тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті деп санаймыз. Біздің мақсат – әр жасөспірімге, әр студентке есірткінің тұйыққа тірейтінін түсіндіру, – деді Жастар ресурстық ор-

талығының жастар ісі жөніндегі инспекторы Дана Жемісова.

Инспектордың айтуынша, синтетикалық заттардың жарнамасы көбіне жас буынның санасын улауға бағытталған. Ал, жасөспірімдердің осындай игі іске араласуы оларды ойландырады хак.

– Шаһар – баршамыздың ортақ үйіміз. Ғимарат қабырғасында жазылған жымсықы жарнама жастарды улауға бағытталған қылмыс. Біз мұндайға бейжай қарай алмаймыз. Әрбір жас өз ортасын

өзі жаңғыртпаса, ешкім қоғамды сырттан келіп өркендетпейді, – деді рейдке қатысқан белсенді жастардың бірі Санжар Болатұлы. Рейд соңында ұйымдастырушылар тұрғындарды есірткіге қатысты кез келген ақпаратты дереу құқық қорғау органдарына хабарлауға, ал, жастарды зиянды әдеттерден алшақ болып, саламатты өмір салтын дәртіптеуге шақырды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Бала қиялын қанаттандырған бағдарлама

2019 жылдан бастап Қарағанды қаласының балабақшаларында оқу бағдарламасына мектепке дейінгі робот-техника ұғымы енгізіле бастады. Осылайша «Балақай» бөбекжайына ойын жабдықтары алынды. Әр құрылғының әдістемелік оқу кешені бірге жүргенімен, оларды оқу іс-әрекеттеріне енгізу кешенді қарастырылмады. Баланың жас ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріліп, балабақшаға енгізілген роботтехникалық құралдарды біріктіріп, 2022 жылы «Цифрлық сауаттылық» бағдарламасы жазылды. Соның негізінде біздің бөбекжайда «Мектепке дейінгі роботтехника» курсы ашылған болатын.



«Цифрлық сауаттылық» бағдарламасы «қарапайымнан – күрделіге» принципі бойынша жүргізіледі. Яғни балалар қарапайым құрастырғыштардан роботтарды бағдарламалауға дейін үйренеді. Бұл бағдарлама 1-сыныптан бастап оқытылатын «Цифрлық сауаттылық» (авторлары Ж.Кобдикова, Г.Көпеева) пәніне дайындық болмақ. Бағдарлама мазмұнынан мектепке дейінгі білім мен бастауыш білім беру арасындағы айырмашылық мазмұнды, технологияларды, әдістер сабақтастығын байқауға болады.

Баланың қиялында шек жоқ. Ал роботтехника сол қиялды шынайы дүниеге айналдырудың тамаша мүмкіндігіне ийеналып отыр. Бөбектер түрлі бөлшектерді біріктіріп, шағын механизмді қозғалтқанда, өзі орындай алған ісіне қуанады. Бұл қуаныш – оның ертеңгі талпынысын арттыратын қуатты күш.

Робот құрастыру, бағыт беру, тапсырма шешу – баланың ойлауын тереңдетіп қана қоймай, өзіне деген сенімін нығайтады.

Робототехника педагог үшін – әдістің жаңашылдығы. Ал бала үшін – қызыққа толы ойын әлемі. LEGO, Bee-Bot, WeDo сияқты құрылғылар арқылы бала технологиямен достасады. Әр қозғалған робот, әр орындалған тапсырма – оның жаңа ашқан жаңалығы іспетті.

Балабақшадағы роботтехника – баланың болашағына салынған жарқын жол. Кішкентай саусақтарымен құрастырған шағын роботтар – ертеңгі үлкен жетістіктердің бастауы. Өйткені, бүгін роботпен ойнаған бала – ертең жаңалық ашатын, әлемді өзгертетін тұлғаға айналуы әбден мүмкін.

Жанна ОСПАНОВА,
«Балақай» бөбекжайының директоры,
Айгерім АБДРАХМАНОВА,
информатика пәнінің мұғалімі ҚАРАҒАНДЫ



Ұстаздарға арналған топтама

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Болашақ туған ауылдан басталады»

Нұра ауданының Ахмет ауылында Анна Колтунова есімді мұғалім бар. Сәкен Сейфуллин атындағы мектепте информатика пәнінен екі тілде сабақ береді. Ол бірнеше жоғары білімі бар, жетістігі де аз емес, тіпті, озық тәжірибесін бөлісу үшін шет елдерден шақырту алған. Анна Колтунова – «Үздік сынып жетекші – 2024» республикалық байқауының, биылғы «Үздік педагог» облыстық байқауының жеңімпазы. Зор қабілеті мен мол мүмкіндігіне қарамастан, заманауи педагог алақандай ауыл мектебін таңдады, онда білімнің шырағын жағып, еңбек етіп келеді. Осы орайда біз жаңашыл мұғалім Анна Вальеревнамен сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Анна Вальеревна, бірнеше жоғары оқу орнын бітірдіңіз. Солай бола тұра, сіз Ахмет ауылындағы мектепке өз туған жеріңізге қайтып келдіңіз. Бұл шешімге не түрткі болды?

– Бұл менің саналы түрде таңдаған шешімім болатын. Иә, менде бірнеше диплом бар және алдымда әртүрлі кәсіби жол ашылды. Бірақ, менің орным – балалар асыға күтетін, білім мен шабыт бар жерде екенін айқын түсіндім. Ахмет ауылы – менің туған жерім. Мен «артқа» қайтқан жоқпын, керісінше өз үйіме оралдым. Мақсатым – ауыл мектебін дамыту, балаларға тек қалада ғана емес, ауылда да мүмкіндік бар екенін, бәрі өзіне деген сенімін мен білімге байланысты екенін көрсету. Заманауи мұғалім ауылда да жұмыс істей жүріп, технологиялық, шығармашылық сұранысқа ие бола алатынын дәлелдеу. Болашақ туған ауылдан басталады. Шәкірттеріме үлгі бола алсам, менің де мақсатым орындалғаны.

– Озық тәжірибеніңізді бөлісу үшін бірнеше мемлекет шақырту жолдады. Қай шақыртуды қабыл алдыңыз?

– Иә, маған бірнеше шетелдік шақырулар түскен еді және мен үшін зор құрмет болды. Минск, Мәскеу және Кишиневте өз тәжірибемді және авторлық әдістемелерімді таныстыру үшін шақыру келді. Алайда отбасылық жағдайларға байланысты сапарға шыға алмадым. Бас тарту оңайға соқпады, дегенмен бұл да саналы шешім еді. Қазіргі уақытта Астанада өтетін халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға шақырту алдым. Оған қатысып, тәжірибеммен бөлісу ойымда бар. Мұндай шақырудың өзі кәсіби жұмысымның және педагогикалық тәжірибемнің жоғары бағалануы деп санаймын.

– Қазақы құндылықтарды оқушыларға оқытуда көптеген қызықты



әдіс-тәсілдер ойлап табады екенсіз. «Сыр сандық» жобасы қалай дүниеге келді? Одан басқа қандай тың жобаларыңыз бар?

– «Сыр сандық» жобасы менің білім берудегі терең сенімімнен туындады. Оқыту тек білім беру емес, жеке тұлғаны қалыптастыруы, туған тілге, мәдениетке және қазақы құндылықтарға құрмет сезімін оятуы тиіс. Маған балаларға жақын, оларға эмоционалды әсер қалдыратын және өз тамырымен байланысын сездіретін формат жасау қажет болды. Осылайша дәстүрлі қазақ сандығының образын – «Сыр сандықты» жасау идеясы пайда болды. Әр «сыр» тек оқу материалын ғана емес, сонымен бірге үлкендерді сыйлау, Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды ашады. Жоба аясында ЖИ арқылы оқушыларға қазақы құндылықтарды ойын арқылы меңгертуге, тапсырмаларды шешуге, шешім қабылдауға және таңдау жасауға мүмкіндік беремін. Жобадә оқушылар ЖИ бойынша мультфильм жасайды. Әрі сценарист, әрі режиссер болып, батырлар, дәстүрлер және тәрбиелік әңгімелерді өмірге әкеледі. Бұл шығармашылық ойлауды дамытып қана қоймай, визуалды образдар арқылы материалды тереңірек қабылдауға мүмкіндік береді. Одан басқа кіші сынып оқушыларына арналған цифрлық кітаптар жасаймыз.

«Сыр сандықтан» бөлек, жасанды интеллектіге негізделген «AI Creator: Цифрлық шығармашылық әлемі» курсы, «Цифрлық киіз үй», «Тірі мұра»,

Интерактивті білім беру квесттері мен ойындар сериясы секілді жоба жасап жатырмын. Мұның бәрі дәстүр мен технологияны тоғыстырып, ұлттық құндылықты насихаттауға арналған.

– Ауыл мектебінде инновациялық оқыту әдістерін енгізуде қандай қиындықтарға тап боласыз?

– Ауыл мектебінде негізгі қиындықтардың бірі – техникалық кедергілер. Қазіргі заманғы техника мен бағдарламалық камтамасыз ету жеткіліксіз. Кейде идеялар материалдық мүмкіндіктерден озып кетеді. Сондай кезде баламалы форматтар іздеп, қолда бар ресурсты пайдаланамыз.

Екінші қиындық – психологиялық кедергі. Кез келген адам жаңа технологияны бірден қабылдай бермейді, бірі тиімділігіне күмәнмен, енді бірі қорқа қарайды. Мұндай жағдайда жеке мысалдармен түсіндіру маңызды.

Сондай-ақ, мұғалімге артық жүктеме түсетіні рас. Инновацияларды енгізу қосымша уақытты, дайындықты қажет етеді. Бұл – үнемі өзін-өзі жетілдіруді және «алға озып жүруді» талап ететін жұмыс.

Дегенмен, барлық қиындықтарға қарамастан, ауыл мектебінде инновацияның әсері айтарлықтай көрінеді. Оқушылардың өзіне деген сенімі артып, заманауи, жаңа мүмкіндіктерді көре бастайды. Өздерін артта қалғандай сезінбейді. Жанам деген жүрекке от бере білсек, барлық қиындықтар кедергі емес.

– Бүгінгі заман балаларымен қалай қарым-қатынас құруға болады? Қазіргі мұғалім қандай болуы керек?

– Баланың әлеміне үнілу, жан-дүниесін терең түсіну қажет. Бүгінгі балалар цифрлық ортада өсіп келеді, ақпарат лезде қолжетімді. Ал назары шашыраңқы. Сондықтан, олармен шынайы дос болудың, сөйлесудің маңызы зор. Оларды басып-жаншу емес, тыңдау маңызды. Тек бағыттаушы емес, білім әлемінде серіктес досы бола білу керек.

Өз тәжірибеммен байқадым. Оқушылар өзімен бір тілде, яғни технология тілінде түсінісетін, сеніммен сөйлесетін мұғалімге үйір.

Бүгінгі мұғалім тек білім беруші ғана емес. Ол – шабыт беруші, ынталандырушы, зерттеуші және жаңашыл тұлға. ХХІ ғасыр мұғалімі дәстүрлі құндылықтарды заманауи тәсілдермен үйлестіре білуі керек. Қазіргі заманғы оқыту формалары, интерактивті тапсырмалар, ЖИ қолдану және ойын әдістемелері сабақтың қызықты өтуіне әсер етеді. Балалардың бәрі сабаққа қатысып, пікірінің маңызды екенін және жеке тұлға ретінде бағаланатынын сезеді. Оқушыларға тұлғасымен адамгершіліктің нағыз үлгісі бола білуі қажет. Міне, осындай мұғалім қазіргі балалармен шынайы, өмірсең қарым-қатынас құрып, оларға тірек бола алады.

– Уақыт тауып, әсерлі ойларыңызбен бөліскеніңіз үшін көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ.
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданы
Сурет кейіпкердің мұрағатынан

• МҰҒАЛІМ ТӘЖІРИБЕСІ

Мұғалімнің кәсіби серігі

Жасанды интеллект жай ғана жаңа технология емес, ол – қазіргі білім берудің тынысын өзгертпін жатқан құбылыс. Бұрын біз оқушыға ақпаратты түсіндіру, жаттату, қайталау арқылы білім берсек, қазір сол ақпаратпен жұмыс істеуді, оны саралап, сүзгіден өткізін, өз мақсатына лайықтап қолдануды үйретуіміз керек. Мен үшін жасанды интеллект сол жолда сенімді серіктеске айналды.

«Озат» ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектебінде биология пәнінен сабақ беремін. Сонымен қатар, STEM және экология пәндерінен сабақ жүргіземін. Апталық оқу жүктеме, қағазбастылық, сыныптан тыс шаралар, олимпиада, жоба, кеңестер – мұғалімнің күнделікті қарбалас жұмысы. Осындай сәтте жасанды интеллект менің жұмысымды жеңілдетеді. Алғашында жай ғана «көмекші бағдарлама» ретінде қарап едім, қазір оңсыз толыққанды жұмыс істеуді елестету қиын.

Қазір жасанды интеллекттің көмегімен сол тақырыптарға арналған шағын кітапшалар дайындаймын: қысқа теория, түсінікті тілде берілген анықтамалар, кестелер, сурет сияттағалары, деңгейлік тапсырмалар бір жүйеге түсіп шығады. Оқушы оны телефонынан оқи алады, қажет болса, басып шығарамыз. Мұндай материалдар балаларды интернеттен шашыраңқы ақпарат іздеуден құтқарып,



назарын нақты білімге шоғырландыруға көмектеседі.

Көрнекілік – биологиядағы ең маңызды құралдардың бірі. Көптеген процестерді сөзбен түсіндіру жеткіліксіз, көзбен көріп, бейнелі түрде қабылдау қажет. ЖИ арқылы жасушаның құрылысын, фотосинтез сатысын, эволюциядағы қоректік тізбектерді, адамның қан айналымы жүйесін схема, инфографика, тілгі, шартты 3D үлгіде дайындап алуға болады. Мен ЖИ-

ге «8-сынып оқушысына түсінікті, тым күрделі емес, бірақ негізгі элементтерін көрсетілген инфографика сипаттамасын құр» деп нақты тапсырма беремін. Соған сүйеніп, басқа бағдарламаларда суреттер жасаймын. Нәтижесінде, бір қарағанда-ақ мәнін түсінуге болатын, эстетикалық жағынан да тартымды көрнекілік құралы пайда болады. Оқушылардың сұрағынан-ақ қызықты екенін байқайсың, олар ақпаратты визуалды түрде жақсы қабылдайды.

дүниетанымың, талдауың қайда қалады?», – деп жиі сұраймын. Бұл балаларды дайын жауапқа үйретпей, керісінше, технологияны саналы қолдануға баулиды. Плагиат, біреудің жұмысын меншіктеу, ойланбай көшіру сияқты мәселелерді де ашық талқылаймыз. ЖИ-ден пайда көре отырып, адалдық пен еңбектің қағидасын ұмытпау – басты ұстанымымыз.

Жасанды интеллект мұғалімнің рөлін бәсеңдетпейді, керісінше, оның адамдық қырына көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Қағаз-құжатқа, мәтінді қайта-қайта теруге, кесте құруға кететін уақытты ЖИ-ге тапсырып, мен оны оқушымен тікелей қарым-қатынасқа, жеке әңгімеге, психологиялық қолдауға, шабыт беретін мысалдар айтуға жұмсай аламын. Шәкірттің жаңа дүниесін түсіну, қабілетін тану, әлеуетін ашу – ешбір алгоритм атқара алмайтын, тек мұғалімге тән миссия. ЖИ осы миссияны әлсіретпейді, қайта оған жол ашады.

ЖИ-ді тиімді қолдану – жай ғана цифрлық дағды емес, ол мұғалімнің кәсіби мәдениетінің бір бөлігіне айналып келеді. Заман өзгерген сайын, біз де өзгеруге, үйренуге тиіспіз. Егер педагог технологиядан қашпай, керісінше, оны өз тәжірибесіне ақылымен енгізсе, ұтады. Өзі де, оқушы да, жалпы білім жүйесі де ұтады.

Арай ЕРЖАН,
«Озат» ақпараттық технологиялар» мамандандырылған мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі

ТЕМІРТАУ

Сурет автордан

• САУАЛНАМА

Оқушыңыз сабақта ChatGPT пайдалана ма?

ЖИ-дің түрлі салаға енуі ақпаратқа тез арада қол жеткізуге жол ашты. Тіпті, білім саласында да оның арнайы бағдарламалары оқушылардың тапсырма орындауына көмек беруде. Десе де, кей мұғалімдер ChatGPT сияқты көмекші баланың ойлауын тежейді деген пікірде. Біз осыған орай аймақтағы мұғалімдерден «Оқушыңыз тапсырма орындағанда ЖИ пайдалана ма?», «Өз пәніңізде оқушыларға ChatGPT қолдануға рұқсат бересіз бе?» деп сұрақ қойған болатынбыз. Жауабы төмендегідей.

«Оқушыларым ChatGPT пайдаланады. Әрине, ауылдық жерде тұрған соң, көптеген ақпараттар қолжетімсіз. Сондықтан, керек ақпаратты ChatGPT-ден алады. Мен орыс тілі пәнінен қазақ сыныбына бергендіктен, кей сөздердің мағынасын түсінугі үшін оқушыларға ЖИ қолдануға рұқсат беремін. Бірақ, көшірмеймін, мейлінше өз ойларын жазады. Бізде сөздіктер аз, тіпті, кейбір түрлері жоқ. Сондайда орысша сөздердің мағынасын терең ұғыну үшін оқушыларға ЖИ көмектеседі. Тімділігі бар, дегенмен, академиялық адалдық, этика міндетті түрде сақталуы керек.

Біз алдымыздағы оқушыларды бес саусақтай білеміз, ChatGPT-ден жауапты көшіріп алып келген оқушы бірден көрініп тұрады. ЖИ пайдалануға белгілі бір шектеу, плагиатқа тексеретін бағдарлама болса, жақсы болар еді. Сондықтан, ЖИ-дің тек ұтымды жазғын пайдалану керек деп ойлаймын».

Анель БАЙМҰРЫНОВА,
Мәнжі батыр атындағы Қаражар ЖББ мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұқар жырау ауданы



Сурет: ЖИ

«Білім саласында балаларға ЖИ-ді пайдалану қажет емес. Қазір балалар ойлануды қойды, дайын жауапты көшіріп алады. Күннен-күнге дамып жатқан ChatGPT-дің ойы адамнан кем емес. Тіпті, тапсырма жауаптарын ЖИ жазды ма, оқушы өзі жазды ма, ажыратып болмайтын дәрежеге жеттік. Егер бала сабақта қолданса, «Жасанды интеллектіні қолдандым» деп айтуы керек немесе сілтеме жасауы керек.

Қазіргі заманда цифрлық құралдардың тілін білгеннің көп көмегі тиеді. Әсіресе, мұғалімдер үшін ЖИ – қосымша көмек. ЖИ-ді пайдалану жас ерекшелікке қарамайды. 35 жыл мұғалімдік тәжірибесі бар менің өзіме ол тарих сабағынан жоспар жасауға, тақырып бойынша тест құрауға, презентация жасауға көмектеседі».

Кендік РАЙЫМХАНҰЛЫ,
Әлімхан Ермеков атындағы ЖББ мектебінің директоры

Ақтоғай ауданы

• БӘРЕКЕЛДІ!

Еңбек пен шеберліктің жеңісі



Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылындағы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәні мұғалімі Мирас Құлсарин республикалық деңгейде үздіктер қатарынан көрініп, «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025» байқауында топ жарды. Бұл – үлкен еңбек пен табандылықтың және кәсіби шеберліктің нәтижесі.

Аудандық, облыстық кезеңнің жеңімпазы атанған Мирас Есембайұлының мектеп тарихында екінші рет республикаға жолдама алып, «Үздік дене шынықтыру педагогі – 2025» байқауында сертификат иегері атанды. Мұндай нәтиже мұғалімнің кәсіби шеберлігін, үздіксіз ізденісі және қажырлы еңбегін айқындайды.

Мирас Есембайұлы – өз ісіне адал, оқушы денсаулығы мен спорттық мәдениетін арттыруға ерекше үлес қосып келе жатқан білікті педагог. Оның сабағы жаңашыл жаттығу әдістерін, заманауи спорттық технологияларды пайдаланып өткізуімен ерекшеленеді.

Республикалық кезеңнің алғашқы турында креативті педагог ретінде ол инновациялық жаттығу бағдарламаларын таныстырып, оқушыға күш-жігер берудің авторлық әдістерін көрсетті. Сонымен қоса, дене шынықтыру сабағын тәрбие,

тәртіп және ерік-жігер қалыптастыратын мектеп ретінде ашып көрсетті. Оқушылардың нақты жетістіктерін дәлел ретінде ұсынып, кәсіби миссиясын бейне және фотопрезентация арқылы айқын жеткізді. Осылайша Мирас Есембайұлы бірінші турды жоғары деңгейде қорғап, қазылар алқасынан лайықты баға алды.

Мирас Есембайұлына жаңа жетістіктер мен толайым табыстар тілейміз! Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, «ұстаздық еңбек қашанда – нағыз ұлы қызмет» болып қала бермек.

Д.ТӘЖІБЕКОВ,
Б.БОЛЫСПЕКОВ
Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Шет ауданы

Сурет автордан

• ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШ

Заңғардың жарқын жетістігі

Жас өнертапқыштар тек қалада ғана емес, ауыл-аймақтарда да көп. Соның бірі – Қарқаралы қаласындағы академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Заңғар Қанатбекұлы. Ол күні кеше өткен «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты инновациялық идеялар байқауының облыстық кезеңінде ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласының техника құрастыру номинациясында І орын алып, өз таланты мен талабын, шығармашылық қабілетін танытты.

Жас өнертапқыш жобаға «Қарапайым экскаватордың жұмысы» атты жоба ұсынды. Өз жұмысында Заңғар күнделікті тұрмыста қолдануға болатын шағын экскаватор моделін құрастырып, оның құрылымы мен жұмыс істеу жүйесін түсіндірді. Негізгі мақсат – экскаватордың қарапайым механизмдер арқылы қалай жұмыс істейтінін және оның тұрмыстағы, ауыл шаруашылығындағы тиімділігін көрсету болды.

Жетекшісі болғандықтан, оқушыға бағыт-бағдар беру – басты міндет. Біз жобаны жасау барысында картон, қатты қағаз, ағаш таяқшалар, шприцтер, жұқа түтікшелер, пластмас хомуттар сынды қолжетімді материалдарды пайдаландық. Гидравликалық принципке негізделген бұл модель экскаватордың негізгі қозғалысын дәлме-дәл қайталай алады.

Экскаватор машинасы қай заманда да өзекті. Ол құрылыс, жүк көтеру, пайдалы қазбаларды қазу, ауыл шаруашылық және ландшафтық жұмыстарда кеңінен қолданылатыны белгілі.



уашылық және ландшафтық жұмыстарда кеңінен қолданылатыны белгілі.

Қазылар алқасы оқушының техникалық сауаттылығын, қол еңбегімен жасалған экскаватор моделінің қызметін және идеяның өзектілігін жоғары бағалады.

Мектеп ұжымы Заңғардың бұл жеңісін еңбекқорлық пен табандылықтың нәтижесі деп біледі. Ойлау қабілеті жоғары, білімді, жаңалық ашуға құштар Заңғардың болашағынан мол үміт күтеміз. Біз оның техникаға деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеті әлі талай зауытқа жетелейтініне сенімдіміз.

Құлия КЕНЖЕБАЕВА,
Орынбек Жәутіков атындағы №1 ЖББ мектебінің физика пәні мұғалімі Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

• ЖАС ҚАЛАМ

Оян, елім!



Оян, елім! Ойлан, елім!
Өрге бассын ой мен сенім.
Қол қусырып жатпа бекер,
Бақтың кілті – еңбек, білім.

Ойлан, елім! Оян, елім!
Әр кез керек оқу-білім.
Туған жердің тағдырына,
Бейқам қарап тұрма, ерім!

Оян, елім! Ойлан, елім!
Бірліктен тап өмір мәнін.
Туған жердің төрінде тұр,
Жасай берсін азат елің!

Ойлан, елім! Оян, елім!
Бірлік болсын нұрлы сенім.
Ертеңнің шамын жақ та,
Жарқырасын туған жерін.

Жарық күнге ұмтыл, елім!
Бүгілмесін асқар белің.
Ел бірлігін сақтап өтсең,
Сонда асқақ болар төрің!

Надандыққа бой алдырма,
Ақиқаттан көз тайдырма.
Шуақ шашып білімінмен,
Жарқын күнге жол сал, тынба!

Жалқаулардың жолын кума,
Білім ізде, алға ұмтыл да.
Еңбек еткен елдің ұлы,
Ертеңіне сенімді тұлға.

Ұйықтамашы, алға басқын,
Болмасыншы, ешбір тасқын!
Келешегің кемел болып,
Болашағың болсын жарқын!

Нұрайлым ҚУАНЫШ,
С.Сейфуллин атындағы
№7 мектеп-гимназияның
9-сынып оқушысы
БАЛҚАШ

«Шамшырақ» топтамасын әзірлеген
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ

• ӘН-ҒҰМЫР

«Тамды аруының» тарихы

«Ебелектей жел ансаған, Кобелектей гүл ансаған Келем саған»... Иә, «Тамды аруы» әнінің қайырмасы осылай өріледі. Сөзін қазақ поэзиясының пырағы Қадыр Мырза Әлі, сазын қазақ вальсінің патшасы Шәмші Қалдаяқов жазса, әрине, ол әннің шоктығы биік, ғұмыры байанды.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзбекстан еліндегі Мыңбұлақ ауылындағы ағайынның сүйіп шырқайтын әніне айналған бұл туындының дүниеге келу тарихы да таңырқатады. Сырлы сазгердің 1975 жылы сол ауылға жолы түседі. Қазақы ауылдың қаймағы бұзылмағанын көріп, қайран қалысқан деседі. Сол уақытта азанғы құстың сайрағанына дейін таңырқап, түйсілі көшке тамсаңып, қазақы салт-дәстүрдің қалпы бұзылмай сақталғанын көріп, «нағыз қазақтар осында екен», деп ой түйіпті сырлы сазгер.

Тамдыдағы ел-жұрттың дархан қонақжайлығына, жомарт көңіліне, ілтипат-құрметіне әбден риза болған Шәмші қарымтасына ән қайтарған көрінеді. Осы ауылдың қадірлісі Қани Амандықовтың шаңырағына түскен оның құрметіне ауылдың клубында кеш өтеді.

«Бұрымың Мыңбұлақта туған ару,
Сол жердің мың бірінші бұлағындай» деген ән жолдары бар емес пе? Дәл осы кеште ұлттық киім киген, қос бұрымы тобығына дейін түскен Ақсұлу Ерманова «Еркем-ай» әнін шырқапты. Келісті келіншектің тамылжыта шырқаған әніне, қос бұрымына көзі түскен сазгердің «Тамды аруы» әнінің алғашқы ырғағы дәл осы мезетте келсе керек-ті. Ән кейіпкерінің ел ішінде-



гі екінші аты да – «Тамды аруы». Сексен жасқа жакындап қалған Ақсұлу әжей қазір Теміртау қаласында тұрады.

– Сол күні концертте әнімді шырқадым да, үйіме қайттым. Отбасылымын, екі балам бар еді ол кезде. Содан кешкісін мені «Шәмші шақыртып жатыр» деді. Бармадым. Күйеуім шоппыр еді. Рейстен келген соң «барып қайтайық» деп едім, «бармаймыз, әртісте біздің ешқандай жұмысымыз жоқ», деп шорт кесті. Ердің сөзін екі етпедік. Содан арада 2-3 жыл уақыт өткен соң ән келді ауылға. Ауылдағы ағайын, көрші-қолаң «саған арнап жазған гой» деп сүйінішледі. Содан расы керек, жасырып жүрдім. Мыңбұлақтық Сағи Құлдасбаев «Тамды аруы» Теміртауда тұрады деп алматылық меймандарға айтыпты. Содан журналистер жанымды қоймады. Сонда да біразға дейін түрлі сылтау айтып, уақыт созып жүрдім. Сөйтіп,

«Тамды аруы» Қазақстан жұрты да тани бастады. Біз Мыңбұлақтан 2005 жылы көшіп келдік. Қазір балаларым, немерелерім бар, тәубе, – дейді Ақсұлу әжейдің өзі.

Жұбайының көзі тірісінде Ақсұлу әжей Шәмшінің бірде-бір әнін орындамай өтіпті. Қазір зейнет жасына жетсе де, өнерден алыстаған жоқ. Теміртаудағы «Әжелер ансамблінің» мүшесі. «Тамды аруы» тамылжыта шырқайды.

...Сол бір кешке қайта орайлық. Кештің қызған шағында Шәмші сахнаға шығып, жиналған жұртқа жүзі бал-бұл жанып: «Мен сіздерге арнап «Тамды аруы» деген ән шығарамын, күтіңіздер!» – деп, ауыл халқын бір серпілтіп тастайды. Сол сәтте артқы жақта отырған жас жігіт орнынан атып тұрып: «Аға, егер сондай ән шығарсаңыз, сөзін Қадыр Мырза Әліге жаздырыңызшы», – деп сазгердің уәдесін алған деседі.

Елге едел-жедел жеткен Шәмші Қадыр Мырза Әліні үйіне шақырып алып, «сөзін өзің жазуың керек, ол жақтағы елге уәде беріп келдім», деп қолқа салады. Сонда Қадыр ақын «Қызық екенсіз, Шәке! Көруін сіз көресіз, тамсануың сіз тамсанасыз, жазуың мен жазамын ба?» деп қағытыпты.

Содан Шәмші Тамдыңның тамшасын сөзбен суреттеп, тіпті, қағазға сол өңірдің картасына дейін сызып беріп, «Міне, бүкіл Тамды жері осы! Енді осы жерге бір қызды ойлап тап! Қайда туса, онда тусын, мейлі. Соған ғашық бол! Жарайды. Мен-ақ ғашық болайын! Тек менің атыман, яки лирикалық кейіпкер атынан айтып шық. Ән мынандай!» деп әуенін ыңылдап айтып шығыпты.

Қадыр ақын сол күні етке қарамай, үйіне қайтыпты. Қайтар жолда троллейбустың ішінде әннің бірінші шумағы төгіле түсіпті: «Бұрымың Мыңбұлақта туған ару,

Сол жердің мың бірінші бұлағындай». Қалған екі шумағы мен қайырмасын екі күн жазыпты. Содан өлең жазылған қағазын құшақтап алып, Шәмшіге барыпты. Әуелі өлеңді дауыстап, бір оқып алып, одан соң ыңылдап әнге салыпты да, «Көресің әлі, бұл елдің аузында жүретін ән болады», деп шаттанған екен Шәмші.

Әнді алғашқылардың бірі болып, сахнаға Роза Бағланова алып шығыпты. Ән авторлары Роза апайға арнайы барып, әнші пианиномен екі рет орындап шығады. Осылайша, су жаңа әннің тұсауын әйгілі әнші кеседі. Кейін әнді Алтынбек Қоразбаев та шырқапты. Ал, Тамдыға қалай тарады десек, Алматыға туристік сапармен келген Роза Амандықова мен Роза Қазбекова Шәмшінің үйінде қонақта болып, әнді өз аузынан естіп, елдеріне алып қайтады. Осылайша, «Тамды аруы» тез тарап, қазірде жас баладан бастап үлкендер де шырқайтын ән көрінеді.

...Шәмшінің шәпкісі. Елге ұлы сазгердің образы шәпкімен елестейді. Шәмші әйгілі «антика» шәпкісін Өзбекстанға барған сол сапарында киіп қайтқан екен. Ол туралы Өзбекстан елінде шығатын «Тамды шаруагері» газетіне Манай Сатанов былай деп мақала жазыпты:

«Сол көз тартар әдемі шәпкі туралы білетінімді сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Шәмші аға Тамды жеріне Қани Амандықов ақсақалдың шақыруымен барғанын, қонақжай елдің тірлігі мен бірлігін көріп, алған әсерінің арқасында атақты «Тамды аруы» әні туғанын білеміз, аты аңызға айналған атақты сазгердің басынан тастамай киіп жүретін әдемі шәпкісі туралы көп кісі біле бермесе керек. Тамды еліне қонақта жүргенін естіген көршілес Кенімех ауданының бас көтерер азаматтары Шәмші ағаны өздерінде қонақ етуді ойлайды. Бұл істі аудандық Тұтынушылар қоғамы (РайПО)

бас есепшісі Зейнетбек Елубеков ақсақал қолға алады. Сол уақытта РайПО-да істейтін, тепсе темір үзетін жас жігіттер (қазіргі ел ақсақалдары) Амангелді Ақылбаев, Дәулет Шәмбетов және Володя Қасымовтарды шақырып, қолдарына бір бума он сомдық пен бір алтын сағат береді. Кенімех қаласында «антика» шәпкіге арнайы тапсырыс беруді және оған бөлек қаражат береді. Осы жерде «антика» қаракөл туралы екі ауыз сөз: Тамды өңірін елге танытатын бұл қаракөл түрі тек Тамдыңның «Алдаберген мен Құлымбет» елдімекенін жайлаған байларда ғана болған. «Антика» керемет, ғажайып деген сөз. Қаракөлдің осы сорты басқа түрлерінен базардағы құны 10-20 есе бағалы болады.

Міне, осы уәкілдер Кенімехтық «антика» шәпкілерді, сыйлықтарды алып, Тамдыға барған. Шәкеңе жолыққан олар аманатты иесіне тапсырып, сазгерді Кенімехқа қонақ болуға шақырады. Бірақ, Шәкең, бізге белгісіз себептермен әзірше Кенімехқа бара алмайтынын, әлбетте қайтып келетініне уәде берген.

Әйгілі «Тамды аруы» асқақатқан қазақтың бір туар тұлғасы Шәмші Қалдаяқов Алматының төрінде Тауелібай өмірі Кенімех елінің сыйлаған «антика» шәпкісін киген қалпында отыр. Ескерткіш қойылған бұл жай бүгінде өнерсүйер қауымның, Алматы қонақтары, әсіресе, қала жастарының сүйікті орнына айналған», – деп түйіндейді өзбекстандық басылымдағы мақала авторы Манай Сатанов.

Түйіндей келе, «Тамды аруы» әнінің тарихына қатысты ел арасында талас та жоқ емес екендігін айта кеткіміз келеді. Басты олжамыз – «Тамды аруы» туындысының қазақ ән өнерінің інжу-маржанына айналғаны. Иә, есті ән ешқашан ескірмейді...

Сурет «Азаттық рухы» сайтынан

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Аңыз автомеханик

Тума талант. Дара дарын. Таңдай қақтырар қабілет иесі. Алтынқол автомеханик. Ауылының ардақты ақсақалы Бөрібай Ысқақовты күллі Қарқаралы жұрты таниды. Бір жасында шешек ауруына шалдығып, жанарынан айырылған тағдыр иесінің таланты талайды таң қалдырады. Жасы жетпіс кетіге келсе де, қария әлі де көліктің тілін тауып келеді. Осы жаздың өзінде ауылындағы үш трактордың «моторын» жинап беріпті.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймағының «автодиагностикасы» атанып кеткен Бөрібай ақсақал осы бір еңбегіне ақы алмайды. «Ең қымбат ақы – алғыс», дейді «аңыз» атанған автомеханик.

Бойындағы бұлқынып шыққан бұл қабілеті бала кезінде байқалса керек. Өздігінен ауылдағы балалардың велосипедін бұзып, оны қайта құрап, қолын жаттықтырады. Одан соң үйіндегі радиоқабылдағыштың механизмін ашып-шашып, оны да оңай меңгерген жас бала ауылының қажетіне жарайды. Алғаш шыққан лампы теледидардың да құрылымын тез меңгеріп алады. Жанып кеткен оларға қайта жан бітіріп жүрген кезінде ол он жастан енді асқан көрінеді.

Содан бері автомеханик мамандығына машықтанады. Ауылдың электрігі де өзі. Ақбай-Қызылбай ауылындағы ағайын істен шыққан тоназытқыш, мұздатқыш, цифрлы теледидарларын қалаға тасып әуре болмайды. Бөрібай ақсақал сиқырлы саусағымен-ақ жан бітіреді. Тіпті, таңғажайыбы, кейінгі шыққан плазмалы теледидардың да тілін түсінеді. Кейіннен келген кез келген заманауи техникаңызды жөндеу Бөрібай шеберге сөз емес. Құдай берген қабілетін, еңбегін содан да болар, ақсақал саудаламапты.

Автомеханик көліктің қай бөлшегі сыр бергенін дыбысынан таниды. Әсіресе, ауыл шаруашылық техникаларының ақауын тез анықтап береді. Бөлшекті ағытып алып, қайта жөндеп, оны орнына орнықтырғанша Бөрібай ақсақал байыз таппайды. Осы жаздың өзінде үш трактордың «моторын», екі-үш «Нива» көлігінің алдыңғы тірегін жаңалаған. Және үнемі өзіне қолғабыс жасап жүретін інісінің көлігіндегі механикалық беріліс қорабын



жөндеп беріпті.

Одан бөлек, көліктің де кез келген тұйықталып қалған тоғын қалпына келтіреді. Автокөліктің редукторы, датчигі, релесі деген бөлшектерді де жазбай таниды. Ең алғаш бір малға алынған «Москвич-2140» көлігін жөндепті. «Бір өзім есігін жаңалап салып, тоқтарын ретке келтірген кезімде жалындаған жас жігіт едім», – дейді.

«Темірде де тіл бар. Оны сезіне білу керек. Құдай осындай қабілет берген екен, дән ризамын. Ең күшті ермегім – осы. Екі көзімнің қызметін екі қолым атқарып отыр. Соған тәубе етемін. Егер осындай өнерім болмаса, бұл өмірді қалай өткеретінімді де елестете алмаймын. Өзім осы бір жұмыстан бойыма күш аламын. Сексен жастың сенгіріне де жакындап қалдық. Оңай жас емес. Алла берген дарыным ауылымың игіліне жарап тұр. Соны көңіліме медет қыламын», – дейді майталман механизатор.

Айтпақшы, Бөрібай ақсақалдың адал жары Рая әжейсіз шаруасы тынбайды. Көп-көрім көмекшісі. Рая әжей де кілт-сайманның түр-түсіне дейін біледі. Автомеханиктің оң қолына айналған әжей техниканың тілін біршама түсініп қалған.

Ауылдың дүрілдеп тұрған тұсында Бөрібай ақсақалсыз той да, мерекелік концерт те өтпейтін көрінеді. Өйткені, «домбырасын шертіп, баянын тартып ән салғанда сахна шіркін, жайнап кететін еді» дейді ел-жұрт. Бала кезінен ән-жырға әуестенген кейіпкеріміз домбыраның қоңыр үнін жанына жалау қылады. Әннен өміріне осылайша әр алады.

Ауылынан алыстағысы келмейді. Алайда, қажырлы кезінде қалаға да көшкісі келеді. Өкінішке қарай, осыдан он шақты жыл бұрын ауылдағы қарашаңырағының төбесі тозып, опырылып ортасына түсіпті. Содан бос қалған ауылдасының үйінде тұрып жатыр. Қарағандыға болмаса да, Қарқаралыға көшсек дейді. Тағдырына ешқандай шағымы жоқ бірінші топ мүгедегі шағын болса да, пәтер армандап отыр. Рая әжей екеуінің ендігі елге артар үміті, аманаты осындай...

Біздің де ақжүрек автомеханиктің, ғаламат дарын иесінің өз баспанасына қол жеткізетін күннің алыс еместігін ішіміз сезетіндей...

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген автор

• ҚҰРМЕТ

Ерлік ұмытылмайды

Академик Темірғали Көкетап атындағы ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау орталығы әзірлеген сегіз әскери-патриоттық күн бүгінде ел көлемінде кеңінен танылады. Орталық осы бастаманы тұрақты түрде насихаттап, өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік рухты қалыптастыруға айрықша үлес қосып келеді. Қараша айы Ұлы Отан соғысының батыры, әйгілі жауынгер-ғалым Мәлік Ғабдуллиннің туған айы. Осыған орай Қарағандыдағы Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханада Батырлар күніне арналған «Батырлар мұрасы және жас ұрпақ» атты әскери-патриоттық іс-шара ұйымдастырылды.

Әскери-патриоттық күн аясында қатысушылар Қарағандыдағы әскери кафедраларға экскурсия жасап, ардагерлермен кездесті. Ғылыми-танымдық конференциялар, мергендік сайыстар ұйымдастырылды.

Жалпы, аталған сегіз әскери-патриоттық күннің қатарында «Батырлар күні», «Жігіттер күні», «Сарбаздар күні», «Сардарлар күні», «Бауыржан Момышұлы күні», «Жауынгерлік ұран күні», «Ер Абылай» және «Аңырақай шайқасындағы жеңіс күні», сондай-ақ, «Отан қорғаушы қыздар күні» бар. Осы күндердің негізінде кең ауқымды әскери-патриоттық іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда.

Бүгінге дейін осы арнайы даталар

өңірде тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мәселен, жоғары политехникалық колледж базасында жыл сайын «Батырлар күні» аталып өтсе, Ә.Сағынов атындағы политехникалық университеттің әскери кафедрасында «Сарбаздар күні» аталып өтеді. Сонымен қатар, 31775 әскери бөлімінде Ер Абылай және Аңырақай шайқасындағы жеңісті еске алу дәстүрге айналған. Өткен жылы осы әскери бөлімде Батырлар күніне орай «Батырлар аллесаы» ашылып, Қазақстанның тұңғыш қорғанас министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған стела орнатылған болатын.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Құттықтау

Аяулы ұстазымыздың 70 жылдық мерейтойына құттықтау!

Аса қадірлі

Марал ЖҰМАЖАНОВА!

Адам баласының өмір жолында кездесетін тұлғалардың бәрі бірдей жүрекке із қалдыра бермесі анық. Асылында, Ұстаз – әр шәкірттің санасында да, жүрегінде де өшпейтін естелік, білім қалыптастырады. Біз үшін сол тұрғыдағы тұлғаның бірегейі – өзіңізсіз.

Біз Қараталдың саф ауасын жұтып, самалында өскен ұрпақпыз. Ал дәл біздің балалық әлеміміздің түпсіз символы – Ақсораң шыны еді. Танертеңгілік мезгілде де, кешкі күн еңкейген сәтте де сол бір еңселі шың бізге үнсіз даналықтай көрінетін. Сіз бізге жиі: «Ақсораңға сәлем салып қоям» деп әзілдеуші едіңіз. Біз ол кезде бұны қызық әдет санаушы едік. Ал бүгін түсінсек – бұл табиғатпен үндесудің, туған жердің рухымен тілдесудің, қазіргі қоғамдық санаға аса қажетті экософиялық дүниетанымның көрінісі екен ғой. Сол бір қарапайым сөздеріңізбен бізге туған жерге құрмет пен табиғатқа тағзым жасаудың мәнін ұқтырыпсыз.

Мектеп табалдырығын аттаған әр баланың қолынан жетектеп, тентегін тежеп, момынын жігерлендіріп, өз жолын табуға себепкер болатын тұлға – Ұстаз. Ал сынып жетекшісі болудың өзі бір өнер. Бұл – жай ғана сабақ кестесін қадағалау емес, адам тәрбиелеу, тағдыр қалыптастыру, мінезді шындау. Осы жолда Сіз бізге ұстаздықтың ең асыл, ең ұлағатты үлгісін көрсеттіңіз.

Қазақта «Ұстаздық – ұлы қызмет» дейді. Бұл сөздің шынайы көрінісін біз Сізден көрдік. Сіздің тәліміңіз бір күндік емес, өмірлік болды. Сіздің тәрбиеніз пәннің шеңберіне сыймайтын, рухтың кеңдігімен берілген білім еді.

Сіз бізге:

«Адалдықты – ақ жолдың нышаны,

Еңбекті – ердің белгісі,

Ізгілікті – адамдықтың шыны,

Сабырлықты – даналықтың белгісі,

Көркем мінезді – шынайы адамдық өлшемі» екенін үйреттіңіз.

Ұлтымыздың ұл мен қыз тәрбиелеудегі даналығы Сіздің әр сөзіңізден сезілетін. Сіз бізге ата дәстүрді сыйлауды, үлкенді құрметтеуді, кішіге қамқор болуды, елге қызмет ету – ең үлкен бақ екенін ұғындырдыңыз.

Бүгінде Сіз еңсерген жылдар – бір ғана еңбек өтілі емес, бүтін бір ұрпақтың жүрегіндегі Ұстаздық дастан. Сіз тәрбиелеген шәкірттердің санасы мен санатына сіңген із – Сізге деген алғыс пен құрметтің айғағы. Біз – адамзат тарихының үшінші мыңжылдығы тоғысында Сіздің өмірлік тағылымыңызды бойына дарытқан буынбыз. Бұл тәлім біз үшін білім ғана емес, адамдыққа, елжандылыққа, сабыр мен салиқалыққа бастайтын шамшырақ болды.

Ұстаз – архетип. Ұстаз – жол көрсетуші. Халық ұғымында ұстаз – қараңғыдан жарыққа шығаратын шамшырақ. Сіз дәл сондай шамшырақ болдыңыз. Бізге өзіңіз білгенді ғана емес, өзіңіз сенгенді үйреттіңіз. Сол сенім – бізді алға жетелеген күш болды.

Сіздің мерейтойыңыз – өнегелі ғұмырдың, мағыналы еңбектің, жүректен берілген ұстаздықтың мерекесі. Бұл жасқа ақ тілектің ақ жолымен жетіп, ұрпақтың алғысына бөленіп отырғаныңыз – үлкен еңбектің еленгені. Демек, Сіз еңсерген уақыт – гумандық болмысыңыздың тұтас бір синтезі!

Ұстаз, бүгінгі мерейтойыңыз құтты болсын!

Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ, көңіліңіз көтеріңкі болсын. Өміріңіз әрдайым қуанышқа толы, отбасыңыз аман, ортаңыз түгел, шаңырағыңыз берекелі болсын!

Сіздің тәліміңізді тыңдап өсу – біз үшін мақтаныш, аяулы Ұстаз!

Ақтоғай ауданы, Шабанбай елдімекені,
Ә.Ермеков атындағы орта мектептің
2000 жылғы түлектері

№466

• ЖОБА

Жас қаламгерлердің жарқын қадамы

Жас қаламгерлердің кітабын шығару ісі – игі бастама. Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен қарағандылық жас қаламгерлердің алғашқы кітаптары жарық көрді. Жақында ғана қолға алынған «Жас қаламгер» жобасы осылайша жас әдеби буынның шығармашылығына шырақшы болып отыр.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі жобаның ұйымдастырушысы, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы филиал директоры Жанат Жаңқашұлы қаламгер ізбасарларының шығармашылық қуанышына құтты болсын айтты.

– «Жас қаламгер» жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Солардың сүбелісі – осы. Кітапқа ену, кітап шығару – тарих беттеріне таңбаланатын дүние. Абай «Өлең – сөздің патшасы», дейді. Ал ақын – соның иесі. Антологияға 14 ақын еніпті. Шабыттары сарқылмасын, шығармашылықтары өркендесін! – деді Жанат Жаңқашұлы.

Кітабы жарық көргендердің бірі – жас прозашы, әрі ұстаз Бекзат Алтынбек. Жас қаламгер «Көкжиек» атты жинағындағы әңгімелеріне қала тіршілігінің бұйығы сәттерін, адамның ішкі әлемін, көзқарасын, дүниетанымын арқау ете отырып, бүгінгі күн мен келешектің мәңгілік құндылығын іздейді.

Ал, жас ақын Таңсәуле Әгенқызының нәзік лиризм мен терең сезімге толы «Бозмұнар» атты өлеңдер жинағы – қазіргі қазақ поэзиясына қосылған жаңа леп, жас буынның сыршыл үні. Ақын жырларында туған жердің табиғаты, ауылға деген аңсар, анаға деген сағыныш пен ғашықтық сезімінің сан алуан күйі нәзік суреттеледі. Автордың өзіндік қолтаңбасы әрбір шумақтан аңғарылып тұрады.

Әдебиеттің болашақ әлемі – бір ғана ақын-жазушымен емес, тұтас буынның үні арқылы қалыптасары айқын. Сол себепті, жоба қолдауымен жарық көрген тағы бір кітап «Жас толқын» деп аталады. Мұнда қарағандылық 14 жас ақынның өлеңдері енген. Қайрат Иманбеков, Ерболат Қуатбек, Ербұлан Мақатай, Нұрдіәулет Бақытұлы, Нұрасыл Аманжол, Таңсәуле Әгенқызы, Шұғыла Үсен, Алданыш Олжабай, Санжар Жұмағали, Хуралай Сейт, Райымбек Қойшыбай, Айтқолқын Жаңабай, Айдана Жаркеева, Нұрғасыр Изат есімді жас буынның сыршыл лирикалары «Жас толқынға» топтастырылған.

Тұсауы кесілген тағы бір жинақ «Сөз шеберлігіне бастар жол» деп аталады. Бұл кітап – жас ақындар мен жазушыларға арналған тәжірибелік-танымдық құрал. Жас қаламгерлердің шығармашылық қабілетін дамытуға, сөз өрнегін жетілдіруге, көркем ойлау мен тіл мәдениетін қалыптастыруға бағытбағдар береді.

Осылайша, жас ақындар сахнаға көтеріліп, жалындап тұрып өлеңдерін оқыды. Жаңа кітаптың тұсаукесер рәсіміне ардагер журналист Әли Тойжігіт, жазушы Сүйіндік Жанысбай, қаламгер-ұстаз Әлімжан Жақан, мәдениет қайраткері Жаролла Ақышев шығып, ізінен ерген іні-қарындастарының су жаңа жинағы оқырманға олжа, рухани азық болсын деп, баталарын берді.

– «Жас қаламгер» жобасы – қарағандылық жас таланттарға беріл-



ген ерекше мүмкіндік. Қаламгерлік – тек сөзге ғана емес, ойға, жүрекке де қатысты өнер. Осы жолда жүрген әрбір жас – болашақ әдебиетіміздің тірегі. Бекзат Алтынбектің «Көкжиек» жинағы мен Таңсәуле Әгенқызының «Бозмұнар» өлеңдер жинағы – жас қаламгерлердің шеберлігін, ізденісін, рухани тереңдігін айқын көрсететін туындылар. Мен үшін бұл жоба – жас буынның шығармашылығын шыңдап, оқырманға сапалы әдеби өнім ұсынуудың айрықша үлгісі. Және де жас ақындардың дені – менің шәкірттерім, сол үшін де қуанышым қойынама сыймай тұр, – деді Әлімжан Құтжанұлы.

Жас қаламгерлер кітаптарын жинақтаған жазушы Жұпар Жақанның құшағын түлге толтырып,

нығына камзол жауып, құрметтерін көрсетті.

Игі іс-шара әрмен қарай Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына орай «Тәуелсіздік – баба арманы, ұрпақ бақыты» тақырыбында ұйымдас-тырылған мүшәйраның жеңімпаздарын марапаттаумен жалғасты. Мектеп оқушылары арасында өткен жыр бөйгесінде топ жарған талантты балалар марапаттар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды. Жеңімпаз ақындар сахнаға көтеріліп, өлеңдерін оқыды.

Мәдениет саласының үздігі Гүлдана Мақшонова мен талантты әнші Еркебұлан Қалидың шырқаған әндері көштің шырайын кіргізді.

Сурет автордан

• БОКС

Өскеменде топ жарды

Бокстан Өскемен төрінде өткен 2008-2009 жылғы жастар арасындағы ел чемпионаты быыл ерекше тартысты өтті. Елдің түпкір-түпкірінен жиналған кіл мықтылардың арасында 85 келі салмақ дәрежесінде жерлесіміз, Приозерск қаласының ертеңіне үміт артқан айбынды ұлы – Нұрсұлтан Қыстаубай жасындай жарқырады.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарсыластарының бірі мықты, бірі тәжірибелі болғанымен, Нұрсұлтан әр жекпе-жекте өзін нағыз чемпион екенін дәлелдеп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Осылайша, ол Қазақстанның екі дүркін чемпионы атанып, туған қаласының ғана емес, күллі қазақ

жастарының мақтанышына айналды.

– Әр боксшының рингтегі әр қадамы – алға ұмтылу, әр соққысы – арманға қол созумен тең. Спортшының табандылығы мен еңбекқорлығы жеңіске жетелейді. Мен баптаған бапкерлерге алғысымды білдіремін. Ертеңгі чемпиондарды тәрбиелеп жатқан спорт мектептерінде еңбек ететін



Сурет авторынан

әр жаттықтырушының еңбегі зор. Алдағы сайыстарда маған сенім артқан жанкүйерлердің үмітін

ақтаймын, – дейді боксшы Нұрсұлтан Қыстаубай. **ПРИОЗЕРСК**

• РЕСМИ

Мемлекеттік қызмет – басты міндет

Мемлекеттік органдар алдында тұрған ұлан-ғайыр міндеттерді тиімді шешуге мемлекеттік қызметшілерді белсенді түрде жұмылдырып, олардың лауазымдық міндеттерін сапалы атқаруына, кәсіби дағдылары мен білімдерін жетілдіріп отырудың маңызы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық үшін құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы қоғам өмірінен берік орын теуіп, мемлекеттік аппараттың халыққа бет бұруына игі ықпалын тигізіп, елімізде жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуына жол ашты.

Осы қағидатты басшылыққа алған ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешеніндегі Мемлекеттік инспекция комитетінің Осакаров аудандық аумақтық инспекциясы да бұл орайда біршама жұмыстар атқарып келеді.

Аумақтық инспекция негізгі қызметтік функцияларының бірі ретінде төмендегі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді.

1. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру

2. Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге келісім беру

3. Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен

жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын ұйымдарға (объектілерге) есепке алу нөмірлері беріледі.

Қазіргі күні ҚР АШМ АӨК МИК Осакаров аудандық аумақтық инспекциясы негізінен Қазақстан Республикасы аумағынан тыс, алыс-жақын, шетелдерге карантинге жатқызылатын өнімдерді шығару үшін мемлекеттік қызмет көрсету негізінде фитосанитариялық сертификат рәсімдейді.

Фитосанитариялық сертификат дегеніміз – бұл мемлекетімізден тыс жерлерге тасымалдауға арналған карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйін куәландыратын құжат. Ал, карантинге жатқы-

зылған өнім, бұл өздері арқылы карантиндік объектілерді таратуы мүмкін кез келген материалдар (жүктер). Бұның ішінде карантиндік объект дегеніміз, бекітілген карантиндік түрлер тізбесіне сәйкес зиянкестер, өсімдіктердің ауруын қоздырғыштар немесе өсімдік және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін арамшөптер.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде уақыт бойынша шектеу мерзімдері көрсетілген. Яғни, фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз түрінде рәсімделеді.

Ағымдағы жыл басынан 10 ай ішінде өсімдіктер карантині саласы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет шеңберінде фитосанитариялық сертификат алуға 926 өтінім келіп түсті, оның ішінде өтімдердің барлығы Egov.kz порталы арқылы түсіп, 5931 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Жыл басынан Тәжікстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Польша, ҚХР, Бельгия т.б алыс жақын шетелдерге жіберілген 397920,1 (бидай, арпа, зығыр, ас

бұршағы, жасымық ұн т.б) тонна және 38 дана ағаш тұғырлар және 5632 темір жол вагондары, 220 жүк машина тексеріліп, 5852 фитосанитариялық сертификат рәсімделді. Сонымен қоса карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін анықтау үшін Қарағанды облыстық карантиндік зертханаға 71 сынама жіберілді, 9 сынама «Республикалық өсімдіктер карантині орталығына» жөнелтілді.

Қорыта айтқанда Осакаров аудандық аумақтық инспекциясы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек» деген нұсқауын қатаң басшылыққа ала отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қолжетімді, ашық, әрі мерзімінің сақталуы үшін барлық шараларды жасау беретін болады.

Е.Н.БЕКМҰРЗИН,
ҚР АШМ АӨК МИК
Осакаров аудандық
аумақтық инспекция
басшысы

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

Теміртау қалалық сотына азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы өтініш түсті. Өтініш беруші: Рахматов Махмадраджаб Сайрахонович, ЖСН 840424399019, тұрғылықты мекенжайы: Теміртау қ., Абай көш., 37/1 үй, 21-пәтер. Қайтыс болды деп жарияланатын азамат: Рахматов Махмадсодик Сайрахонович, 25.08.1987 ж.т., бұрын Теміртау қ., Абай (Димитрова) көшесі, 37/1 үй, 18-пәтер мекенжайында тұрған, Тәжікстан Республикасы, Хатлон облысы, Вахш ауданының тумасы. Аталған азаматтың жүрген жері туралы ақпараты бар тұлғалардан жарияланған күннен бастап, үш ай ішінде сотқа хабарлау сұралады.

№469

Жаңалық
әрқашан жаныңызда!
<https://ortalym.kz/>

Қарағанды облысы білім басқармасының ұжымы, «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» ҚБ ұжымы Балқаш қаласы білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Шәкәрімқызы Дүбіркевоға **анасының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№468

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Қарашада майда қоңыр леп есіп...

«Қарашада өмір тұр, тоқтатсаң тоқсан көнер ме? Артағы майда көңіл жүр, жалынсаң қайтып келер ме?» деп хакім Абай айтқандай, биылғы қарашада Арқа аспанын ән мен жыр зернеп тұр. Кеншілер мәдениет сарайында өткен облыстық, республикалық байқаулардың лауреаты, Мәдениет саласының үздігі, Арқа ән мектебінің сәруар өкілі Медет Осатаевтың «Майда қоңыр» атты шығармашылық кеші – соның айғағы.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арқадағы асқақ дәстүрлі ән өнерінің арғы-бергі тарихынан тамыр тартқан кеште Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Иса Байзақовтардың асыл мұрасы сахна төрінде жаңғырып, жұртшылықтың жүрегін тербеді. Тәттімбет күй шертіп, маркасқа Мәдинің үні қалған, саки даласы ән мен әуенге толы қасиетті өлкеде өткен бұл кеш – Медет Осатаевтың өнер-

дегі өсу бір белесі іспетті.

Кештің шымылдығы тақырыпты арқау етіп тұрған Ақан серінің мәңгілік мұрасы «Майда қоңыр» әнімен түріліп, Арқа әнінің ардабозы Жаяу Мұсаның «Хаулауымен», Балуан Шолақтың «Ғалиясымен» жалғасты. Ғаламат кеште әуелеген әндермен қатар, күмбірлеген күйлер де өз өрнегін тапты. «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі Сүгірдің «Ыңғайтөгі», Қыздарбектің «Сылым қызы» және Дайрабайдың «Дайрабай» күйлерін бірінен соң бірін тө-

гілдіріп, кештің көркін қыздыра түсті.

Өңірдің өнер өлкесінде өзіндік ізі қалған өз композиторлары мен қаламгерлерінің туындылары да кештің мән-мазмұнын тереңдете түсті. Кеш барысында Арқа ақындарының сөздеріне жазылған Дәуренбек Әрқеновтің «Туған жер», «Ана», «Әкеге сағыныш» секілді әндерін де кеш иесі күйкылжыта шыркады.

Мерейлі сәтте кеш иесіне алыс-жақыннан келген қадірлі қонақтар жүрекжарды лебізін білдірді. Алдымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысының алғыс хатын Ноян Жүнісов табыстап, өнер иесіне ізгі тілегін арнады. Әрі қарай кеш иесі туып-өскен шұғылалы Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтардың, Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайынның Алғыс хаты да салтанатты түрде табысталды. Алыстан ат арылтып, арнайы келген «Ауыл» партиясының Төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаевтың Алғыс хатын оның орынбасары Қуаныш Сейтжанов сахна төрінде ақжарма тілегін айтып ұсынды.

Әннен күйге, күйден әнге жалғасқан осынау кеште Медеттің өнердегі өрісі кеңейіп, табиғи болмысы айшықтала түскендей болды. Күміс көмей, сырлы сазды сырбаз әнішінің шығармашылық шалқар шабыты алдағы уақытта да қазақтың кастерлі әнін әуелете берері сөзсіз.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

Жанкүйерлер жеңістен үмітті

Қазақстанның жасөспірімдер құрамасы (U17) тарихында алғаш рет Еуропа-2026 чемпионатының іріктеу кезеңінде топ жарды. Осылайша команда жарыстың элиталық кезеңіне жолдама алып, отандық футбол үшін маңызды жетістікке қол жеткізді. Айтулы долада қарағандылық «Шахтёр» футбол клубының бес ойыншысы ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен болатын. Клубтың бас бапкері әрі ұлттық құраманың бас бапкерінің ассистенті Игорь Солошенко мен жас футболшылар журналистермен жүздесіп, көпшіліктің сауалына жауап берді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, биылғы чемпионаттың элиталық кезеңіне 28 команда жолдама алған. Алдағы 10 желтоқсанда өтетін жеребе барысында осы құрамалар жеті топқа бөлінеді. Яғни, әр топта төрт құрамадан жасакталып, келесі кезеңге шығу үшін өзара күш сынаспақ. Қазақстан жасөспірімдер құрамасының да келесі қарсыластары сол күні белгілі болады-мыс.

Іріктеу кезеңіндегі қарсыластарымыз осал болмады. Нидерланды, Хорватия, Албания сынды тәжірибелі әрі білікті құрамамен кездестік. Ең бастысы, біз өз мүмкіндігімізді көрсеттік. Ал, элиталық кезеңде кіл мықтылардың өтетіні белгілі.

Енді дайындықты күшейтіп, қателіктермен жұмыс істейміз. Ұлттық құрама сапына кіл мықтылар шақырылған. Сол қатарда өзіміздің жастардың да өнер көрсететіні көңіл қуантады. Жалпы, клубта талантты футболшылар жоқ емес. Алдағы уақытта ұлттық құрама сапында өнер көрсетеді деген сенімдеміз. Бірақ, ол үшін үлкен дайындық қажет», деді Игорь Александрович.

Ұлттық құрама сапында «Шахтёр» клубының сапынан шабуылшы Расул Акимов, Александр Яковлев, қос қорғаушы Жәнібек Жайлаубек пен Мейірлан Балтабаев өнер көрсетті. Сонымен қатар, қақпашы Никита Килджиев те қосалқы құрамға алынған.

Топтық кезеңдегі алғашқы ойын Хорватия құрамасына қарсы өткен. Кездесу 2:1 есебімен отандастардың жеңісімен

аяқталды. Негізгі құрамда Расул, Жәнібек пен Мейірлан шыққан болатын. Ойынның 45-минутында Расул командасы үшін маңызды гол салып, команданың жеңісіне үлкен үлес қосты. Ал, жалпы іріктеу кезеңінде бір гол салып, екі нәтижелі пас беріпті.

Ұлттық құрамаға бірінші мәрте шақыртылуым. Футболмен алты жасымнан бастап айналысамын. Әу баста «Тұлпар» футбол командасында ойнап, кейіннен «Шахтёр» клубына ауыстым. Футболға мені әкем әкелген. Қазіргі таңда кәсіби футболшы болуды армандаймын. Ойын барысында әртүрлі жағдайлар болады. Бірінші кездесуімізде бас бапкер арнайы тактика құрып, сол бойынша шабуыл ұйымдастыруды тапсырды. Тең ойын болып жатқан сәтте гол салып, командада жеңіс сыйлады. Бұл – мен үшін де, командам үшін де керемет сәт, – деді шабуылшы Расул Акимов.

Хорватия құрамасы соңғы кездесуде Нидерландыны жеңіп, турнир кестесінде II орынмен элиталық кезеңге жолдама еншіледі. Ал, Нидерланды мен Албания құрамалары жарыс жолынан шығып қалды.

• КЕШ

Сезімнің самалы

Ақтоғай ауданының Мәдениет үйінде «Үзілмес үміттің мақпалын-ай» атты ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты, профессор Салтанат Смағұлтегінің шығармашылық кеші өтті. Рухани шараға Ақтоғай ауданының әкімдігі, мәдениет бөлімі және аудандық мәдениет үйі қолдау көрсетіп, кеш барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығына арналған әдеби бағдарламалар ұсынылды. Поэзия мерекесіне жиналған жұртшылық ақынның жаңа жырларын тыңдап, көркем композициялар мен арнайы дайындалған сахналық қойылымдарды тамашалады.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдығы Ақтоғай аудандық мәдениет үйінің ұжымы дайындаған жүрекке жылы поэтикалық қойылыммен ашылды. Ақын өлеңдері сахналық тілмен әсем өріліп, туған жерге сағыныш, жырдың мәңгілік нәзік тынысы көркем қимыл арқылы бейнеленді. Ақын поэзиясына тән сыршылдық сахнаның әр тұсынан сезіліп, өлең мен әуен сабақтасқан шағын театрландырылған көрініс көрерменді баурап алды. Сахнаға – ақын Серік Сағынтай көтеріліп, жыршүйер қауымды құттықтай отырып, кеш иесін ортаға шақырды. Ол: «Аралы Ақтоғайдан басталған ақынның өркешті үні бүгінде талай жүректі тербеп келеді» деп, Салтанат Смағұлтегінің шығармашылық әлемін таныстыра өтті. Шағын сұхбаттан соң ақын алғашқы топтама өлеңдерін оқып, өз жүрегінің ең алғашқы бояуларын қайта жаңғыртқандай әсер қалдырды. Оның дауысында баяу сағыныш, нәзік үміттің үні сезілді.

Кеш барысында Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов сахна төріне көтеріліп, ақынға арнайы құттықтауын жеткізіп, сый-сияпат тарту етті. Сонымен бірге, мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген «Күз күмбірі» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Тұсаукесерді Абылай Аманжоловпен бірге Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалының директоры Жанат Жаңқашұлы, жазушы Төкен Әлжантегі, ақын Ардақ Игенова атқарды.

Кештің бір бөлігі ақын достары мен әріптестерінің жыр шашуына арналды. Серік Сағынтай залда отырған қадірлі меймандардың есімін атап, ілтипат білдіріп, сахнаға шақырды. Сахнаға

көтерілген Мүсіркеп Сейдахмет, Тілеген Елеусізбайұлы, Айбек Байтөре, Ардақ Игенова, Мөлдір Бөлекова, Айгүл Кептербаева, ұстазы Әлімжан Жақан, мәдениет саласының майталманы Раушан Жылтыбаева, сатирик Әдебиет Жұманов, журналист Ернат Рахметолла, қаламгер Қасымхан Ғалым өздерінің жүрекжарды тілектерін білдіріп, өлеңдерін оқыды. Әдеби ортаның қадірлі ізі сахнада айқын сезіліп, ақынға деген құрмет өз өрнегін тапты.

Салтанат Смағұлтегінің екінші топтама жырларын Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің студенттері – Нұрасыл Аманжол, Салтанат Қуаныш, Сағынтай Ақжігіт, Қазыл Ұландар – оқып, жаңа буынның үнінде ақын әлемін жаңаша сипатта жеткізді. Бұдан кейін сахнаға ақынның жары – ақын Ерқанат Кенесбекұлы көтеріліп, авторлық әндерін орындап, кештің әуезін тереңдете түсті.

Кеш иесі өзінің толысқан кезеңде туған, философиялық тереңдікке толы үміт пен сырға суарылған өлеңдерін оқып, кештің шарықтау сәтін жасады. Сахна төрінде сезім мен ойдың өрнегі қатар жүріп, көрерменді поэзияның мөлдір әлеміне жетеледі.

Көңілді кеш «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің әсем ән шашуымен аяқталды. Шара соңында көрермендер ақынның кітаптарына қолтаңба алып, естелік суретке түсіп, шығармашылық жылылыққа толы әдемі әңгімелермен тарқасты.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

Жерлестерде – сегіз жүлде

Сауд Арабиясының Эр-Рияд қаласында өткен Ислам ынтымақтастығы ойындары өз мәресіне жетті. Бұл бәсекеде Қазақстан ұлттық құрама спортшылары сәтті өнер көрсетіп, ел қоржынына 56 медаль салды. Оның 15-і – алтын, 20-сы – күміс, 21-і – қола. Айрықша атап өтерлігі, ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық спортшылар да намысты қолдан бермей, ел қоржынын сегіз жүлдемен толықтырды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, биылғы жарыста еліміздің намысын 100-ден астам спортшы қорғады. Олар бағдарламаға енгізілген 23 спорт түрінің 15-інде бақ сынап, Қазақстанның спорттық әлеуетін кеңінен танытты. Ал, Қарағанды облысынан барған спортшылар джиу-джитсу, каратэ, үстел теннисі, ауыр атлетика және гандбол сияқты күрделі де жауапты бағыттар бойынша сынға түсті.

Жарыс барысында джиу-джитсудан ел намысын қорғаған қарағандылық Алматай Жігер қарсыластарын айқын басымдықпен ұтып, Ислам ойындарының жеңімпазы атанды. Каратэ спортынан өнер көрсеткен Никита Тарнакин де алтыннан алқа тақты. Үстел теннисінен командалық жарысқа қатысқан Алан Құрманғалиев та құрамасымен топ жарды.

Ауыр атлетикадан өнер көрсеткен Любовь Ковальчук күміспен күптелсе, Артем Антропов қоланы місе тұтты. Сонымен қатар, джиу-джитсудан Ажар Салықова



да күміс жүлдеге қол жеткізді.

Ал, әйелдер күресінен Эльмира Сыдыкова мен гандболдан Қазақстан құрамасының сапында өнер көрсеткен Кира Немтырева Ислам ынтымақтастығы ойындарының қола жүлдегері атанды.

Жарыс қорытындысы бойынша медаль кестесінде Түркия құрамасы 72 алтын, 44 күміс және 39 қола көш бастады. Одан кейінгі сатыға Өзбекстан құрамасы 29 алтын, 35 күміс, 32 қола жүлдемен табан тіресе, Иран спортшылары 29 алтын, 19 күміс, 33 қоламен үздік үштікті түйінделді.

Сурет облыс әкімдігінен

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА
Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 495
№132 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ